Электростатикалық сүзгілер және циклондық ұстағыштар (Қытай)	500-800	25-50	200-400	20-40

Кесте 4. Экономикалық тиімділік

Көрсеткіш	Отандық технология	Шетелдік технология
Бастапқы құны, теңге	500 000 000	1 500 000 000
Шаңды ұстаудың тиімділігі	50-70 %	85-95%
Жылдық техникалық қызмет көрсету, теңге	200 000 000	500 000 000
Айыппұлдардан үнемдеу, теңге/жылына	0	100 000 0000
Өтеу мерзімі	10 жыл	4-6 жыл

Қосымша артықшылықтар	Көзге көрінетін шаңды азайтады, бірақ ұсақ бөлшектер мәселесін шешпейді	Ең жақсы қолжетімді технологияларға сәйкестік
-----------------------	---	---

Ашық өндіріс көлемі мен шаң түзілу деңгейі аса жоғары келесі кен орындарында электростатикалық сүзгілер мен циклондық ұстағыштар сияқты шаң ұстау технологияларын енгізу ұсынылады:

Екібастұз бассейніндегі көмір шахталары. «Богатырь» және «Восточный» көмір шахталары – еліміздегі ғана емес, әлемдегі ең ірі көмір өндіру орындарының бірі болып табылады, бұл айтарлықтай шаң шығарындыларымен қатар жүреді. Дәл осы жерде PM10 және PM2.5 қатты бөлшектерінің жоғары концентрациясына байланысты аталған технологиялар ең үлкен тиімділік көрсете алады.

Қашар және Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты, Қостанай облысы. Мұнда ашық карьерлерде темір кенін өндіру және өңдеу ауқымды ұсақтау мен тиеу процестерімен қатар жүреді, нәтижесінде айтарлықтай шаң түзіледі. Электростатикалық сүзгілер мен циклондық жүйелерді орнату аймақтағы шаң жүктемесін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

"Бозшакөл" және "Ақтоғай" мыс кен орындары (KAZ Minerals).

Бұл – мыс өндірудегі ең ірі ашық кен орындарының бірі, мұнда кенді ұсақтау және тасымалдаудың ауқымды технологиялары қолданылады. Қазіргі заманғы шаң ұстайтын қондырғыларды енгізу ұсақ дисперсті шаң шығарындыларын азайтуға және жақын маңдағы аймақтардың экологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Неліктен дәл осы нысандар таңдалды?

Жоғары өндіру көлемі – ауқымды өндіріс процестері шаңның көп мөлшерде түзілуіне әкеледі.

Қолданыстағы инфрақұрылымның болуы – ірі компанияларда қымбат шетелдік технологияларды енгізу оңайырақ, себебі оларды қаржыландыру және техникалық қызмет көрсету мүмкіндіктері жоғары.

Стратегиялық маңыздылығы – бұл кәсіпорындар Қазақстан экономикасы үшін аса маңызды нысандар қатарына жатады, сондықтан олардағы ластану деңгейін төмендету ең айтарлықтай экологиялық әсер береді.

Қорытынды

Ашық әдіспен пайдалы қазбаларды өндіру қоршаған ортаға, әсіресе ауа сапасына айтарлықтай әсер етеді. Негізгі ластаушы заттар – қатты бөлшектер (PM10, PM2.5) және ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ), олардың шығарындылары күрделі экологиялық және әлеуметтік салдарға әкеледі. Бұл зерттеуде біз осы ластаушылармен күресудің ең тиімді әдістерінің бірі кешенді біріктірілген электростатикалық сүзгілер және циклондық ұстағыштар технологияларын қарастырдық[5].

Анализ нәтижелері көрсеткендей, кешенді біріктірілген электростатикалық сүзгілер және циклондық ұстағыштар пайдалы қазбалар өндіретін аймақтардағы шаң деңгейін едәуір төмендеті алады.

Халықаралық тәжірибе олардың тиімділігін 85–95% деңгейінде дәлелдейді, бұл оларды Қазақстандағы көмір шахталары мен тау-кен кәсіпорындары үшін оңтайлы шешімге айналдырады. Бұл технологияны енгізу ауаның сапасын жақсартуға, өңірлердегі экологиялық жүктемені азайтуға және халық денсаулығына оң әсер етуге мүмкіндік береді.

Алайда, бұл әдісті іске асыру барысында белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін, олардың қатарына жоғары бастапқы шығындар, тұрақты техникалық қызмет көрсетудің қажеттілігі және энергия тұтынудың артуы жатады. Аталған мәселелерді белгілі бір дәрежеде жаңартылатын энергия көздерін (күн және жел электр станцияларын) пайдалану арқылы шешуге болады[6]. Осылайша, біз тек ауаның ластануын азайтып қана қоймай, өнеркәсіптің «жасыл» трансформациясына да ықпал етеміз.

Жалпы, ұсынылған шараларды енгізу Қазақстанның экологиялық тұрақты дамуына ықпал етеді. Бұл қоршаған орта жағдайына ғана емес, сонымен қатар тау-кен өндірісі секторының экономикалық тартымдылығына да оң әсерін тигізеді, әсіресе қатаң экологиялық стандарттар жағдайында бұл аса маңызды болып табылады[7]. Сондықтан озық шетелдік технологияларды жергілікті жағдайларға бейімдеу тиімді әрі қажетті қадам болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Мемлекеттік стандарты. Ауадағы қалқыма бөлшектердің концентрациясын анықтау әдістері // Техникалық реттеу және метрология комитетінің ресми сайты.
2. Шаңды басу технологиялары туралы есеп. Қазақстан Республикасы Экология министрлігі, 2019.
3. Рерих В. А. Тау-кен өнеркәсібі және оның экологияға әсері // Ғылым және білім бүгін. – 2019. – № 3. – Б. 112-113.
4. Рен Т., Ченг И. Ашық шахталарда шаң басу технологияларына шолу // Халықаралық тау-кен ғылымы және технологиясы журналы, 2022.
5. Тесленок С. А., Шперль Д. А. Ашық пайдалы қазбаларды өндіру кезіндегі қоршаған ортаның ластануы // Огарёв-Online. – 2023. – №4 (189).
6. Иванов И. Ашық кен орнында шаңмен күрес // Тау-кен ғылымы журналы, 2020.
7. Тарасова Т. Ф., Байтелова А. И., Осетрова Ю. Ю. Көмір өндіру өнеркәсібінің экологиялық мәселелері // Университет кешені – өңірлік білім, ғылым және мәдениет орталығы: Бүкілресейлік ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, Орынбор, 31 қаңтар – 2 ақпан 2018 ж. – Оренбург: ОГУ, 2018. – Б. 1171-1173.
8. Чжан Л. PM2.5 мөлшерін азайтуға арналған электростатикалық тұндырғыштар // Экологиялық технологиялар, 2021.

«РАДИОАКТИВТІ ЛАСТАНУ АЙМАҚТАРЫНЫҢ КАДАСТРЛЫҚ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕРІ»

Ғылыми жетекші: Б.С.АҚМҰРЗАЕВА профессор ассистенті, магистр

balzhan.akmurzayeva@yu.edu.kz

Ш.Есенов ат. КТЖИУ, «Құрылыс инжиниринг» кафедрасы, Ақтау қ.

Студент: АЙТҚАЛИҚЫЗЫ Ж.

Ш.Есенов ат. КТЖИУ, 6B07307-Кадастр БББ, 3 курс студенті

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстандағы радиоактивті ластанған аумақтардың кадастрлық есебі, олардың экологиялық қауіптері және залалсыздандыру шаралары қарастырылады. Семей мен Азғыр полигондары, уран өндірісінің қалдықтары және олардың қоршаған ортаға әсері талқыланады. Сонымен қатар, радиоэкологиялық мониторинг пен құқықтық реттеу мәселелері қарастырылады. Радиоактивті ластану тек белгілі бір аумақтармен шектеліп қана қоймай, жел, су және топырақ арқылы таралып, аймақтың экожүйесіне және халық денсаулығына ұзақ мерзімді әсер етуі мүмкін. Қазақстанда радиацияға байланысты аурулардың деңгейі жоғары, әсіресе қатерлі ісік пен қан аурулары кең таралған. Сондықтан, бұл мәселені шешу үшін ғылыми зерттеулер жүргізу, заманауи технологияларды қолдану және мемлекет тарапынан қатаң бақылау орнату қажет. Мақалада осы мәселелердің өзектілігі мен шешу жолдары қарастырылған.

Аннотация: В данной статье будет рассмотрен кадастровый учет радиоактивно загрязненных территорий Казахстана, их экологические риски и меры по обезвреживанию. Обсуждаются семипалатинские и Азгирские полигоны, отходы добычи урана и их влияние на окружающую среду. Кроме того, рассматриваются вопросы радиоэкологического мониторинга и правового регулирования. Радиоактивное загрязнение не только ограничивается определенными территориями, но также может распространяться ветром, водой и почвой и оказывать долгосрочное влияние на экосистему региона и здоровье населения. В Казахстане высокий уровень заболеваний, связанных с радиацией, особенно распространены рак и заболевания крови. Поэтому для решения этой проблемы необходимо проведение научных исследований, применение современных технологий и установление строгого контроля со стороны государства. В статье рассматривается актуальность и пути решения этих проблем.

Түйін сөздер: радиоактивті ластану, кадастр, экология, радиоэкологиялық мониторинг, ядролық сынақтар

Қазақстан – ядролық сынақтардан зардап шеккен мемлекеттердің бірі. Кеңес Одағы дәуірінде Семей полигоны мен Азғыр полигонында

жүргізілген ядролық сынақтар қоршаған ортаға, халық денсаулығына орасан зор зиян келтірді. Бүгінгі таңда бұл аймақтар радиоактивті ластануға ұшыраған жерлер қатарына жатады. Осындай аумақтарды бақылау, экологиялық қауіп-қатерлерді бағалау және оларды қалпына келтіру үшін радиоактивті ластанған аймақтардың кадастрлық есебі маңызды рөл атқарады. [2, 20-25 б.]

Радиоактивті ластану – ядролық жарылыстар, өндірістік апаттар немесе радиациялық қалдықтарды дұрыс сақтамау нәтижесінде пайда болатын қоршаған ортаның улануы. Қазақстандағы негізгі радиоактивті ластанған аймақтарға Семей ядролық полигоны, Азғыр полигоны және Қаратау мен Маңғыстау облыстарындағы уран өндірісі қалдықтары жатады. Бұл аймақтарда радиоактивті элементтердің (плутоний, стронций-90, цезий-137) деңгейі жоғары, бұл флора мен фаунаның өзгеруіне, су ресурстарының ластануына және адам денсаулығына зиян келтіреді. 2020 жылғы зерттеулерге сәйкес, Семей полигоны аймағында топырақтағы радиация деңгейі қалыпты нормадан 10-15 есе жоғары.

Радиоактивті ластанған аумақтардың кадастрлық есебі – бұл арнайы картографиялық және дерекқорлық жүйе, оның көмегімен ластанған жерлер тіркеледі, олардың радиациялық деңгейі өлшенеді және қорғау шаралары белгіленеді. Бұл жүйе географиялық карталау, радиациялық мониторинг және құқықтық реттеу элементтерінен тұрады. Қазақстанда радиоактивті ластанған аймақтарды есепке алу мен бақылау «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» және «Экологиялық кодекс» заңдарымен реттеледі. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдардың қолдауымен зерттеу жұмыстары жүргізілуде. [1, 56-85 б.]

Экологиялық қауіптер радиоактивті заттардың адам ағзасына жинақталуына байланысты ұзақ мерзімді салдарға әкелуі мүмкін. Мұндай ластану көбінесе қатерлі ісік ауруларының көбеюіне, иммундық жүйенің әлсіреуіне және генетикалық мутацияларға себеп болады. Қазақстанда онкологиялық аурулардан зардап шегетін науқастардың саны ядролық сынақтар жүргізілген аймақтарда 30%-ға жоғары. Су ресурстарының ластануы да маңызды мәселе болып табылады, өйткені жер асты сулары арқылы радиоактивті элементтер кең таралып, ауыл шаруашылығына және ауыз су көздеріне қауіп төндіреді. Сонымен қатар, биоәртүрлілікке әсері өсімдіктер мен жануарлардың мутациясына, кейбір түрлердің жойылып кетуіне алып келуі мүмкін. [2, 43-52 б.]

Бұл қауіптердің алдын алу үшін бірнеше шараларды жүзеге асыру қажет. Біріншіден, радиоактивті ластанған аймақтарды рекультивациялау арқылы олардың экологиялық жағдайын жақсарту керек. Бұл топырақты залалсыздандыру, қауіпті қалдықтарды қауіпсіз көму және радиация деңгейін төмендету шараларын қамтиды. Мысалы, Чернобыль аймағында қолданылған биоремедиация әдістері [3].

Қазақстан үшін де тиімді болар еді. Екіншіден, радиоактивті қалдықтарды басқарудың жаңа технологияларын енгізу арқылы олардың

қоршаған ортаға зиянын азайту қажет. Үшіншіден, халықты ақпараттандыру және радиациялық қауіпсіздік шараларын күшейту маңызды. Бұл радиация деңгейін бақылау жүйелерін енгізу, қауіпті аймақтарда өмір сүретін тұрғындарды медициналық тексеруден өткізу және ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы жүзеге асады [4].

Қорытындылай келе, радиоактивті ластанған аймақтардың кадастрлық есебі қоршаған ортаны қорғау және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды құрал болып табылады. Қазақстанда Семей мен Азғыр полигондары, уран өндірісі аймақтары сияқты радиоактивті жерлерді бақылау мен рекультивациялау жұмыстары жалғасуда. Радиоэкологиялық мониторингті күшейту және заманауи технологияларды енгізу арқылы бұл мәселенің шешімін табуға болады. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан радиоактивті қалдықтарды сақтау және өңдеу бойынша нақты саясат жүргізу қажет. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, заманауи экологиялық стандарттарды енгізу – радиоактивті қауіп-қатерлерді азайтудың басты жолы. Радиоактивті ластанған аймақтарды тиімді басқару – болашақ ұрпақ үшін қауіпсіз орта қалыптастырудың негізгі кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі. (2021). Экологиялық кодекс. Астана: Қазақстан Республикасы Парламенті.
2. "Atomic Collective: Radioactive Life in Kazakhstan": Магдалена Э. Ставковскидің бұл еңбегі Қазақстандағы ядролық сынақтардың жергілікті қауымдастықтарға әсерін зерттейді. (2025 ж.).
3. World Nuclear Association. (2023). Kazakhstan: Nuclear Fuel Cycle.
4. Лукашенко, С.Н., Григорьев, В.Я., и др. (2010).

ӘОЖ 504.06

«ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ»

Ғылыми жетекші: Б.С.АҚМҰРЗАЕВА профессор ассистенті, магистр
balzhan.akmurzayeva@yu.edu.kz

Ш.Есенов ат. КТЖИУ, «Құрылыс инжиниринг» кафедрасы, Ақтау қ.

Студент: Э. ЖАМИЕВА

Ш.Есенов ат. КТЖИУ, 6В07307-Кадастр БББ, 3 курс студенті

Аңдатпа: Жер ресурстарын тиімді пайдалану – табиғи байлықтарды ұтымды қолдану арқылы экологиялық тұрақтылық пен экономикалық өсімді қамтамасыз етудің маңызды факторы. Қазақстанда жер қоры кең болғанымен, эрозия, шөлейттену, ластану және жердің құнарсыздануы сияқты экологиялық мәселелер туындауда. Бұл

проблемаларды шешу үшін заманауи агротехнологияларды енгізу, суды үнемдеу әдістерін қолдану, өнеркәсіптік қалдықтарды басқару және заңнамалық реттеуді күшейту қажет. Жерді ұтымды пайдалану ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Аннотация: *эффективное использование земельных ресурсов является важным фактором обеспечения экологической устойчивости и экономического роста за счет рационального использования природных богатств. Несмотря на обширные земельные запасы в Казахстане, возникают экологические проблемы, такие как эрозия, опустынивание, загрязнение и обесценение земель. Для решения этих проблем необходимо внедрение современных агротехнологий, применение водосберегающих методов, управление промышленными отходами и усиление законодательного регулирования. Рациональное использование земель позволит устойчивому развитию сельского хозяйства и улучшению качества жизни населения.*

Түйін сөздер: Жер ресурстары, экология, эрозия, шөлейттену, тұрақты даму.

Жер ресурстары – кез келген мемлекеттің экономикалық дамуы мен экологиялық тұрақтылығының негізі. Қазақстан сияқты кең аумақты мемлекет үшін жердің дұрыс пайдаланылуы ауыл шаруашылығының дамуы, табиғат тепе-теңдігінің сақталуы және халықтың әл-ауқаты үшін аса маңызды. Алайда, соңғы жылдары антропогендік факторлардың әсерінен жер ресурстарының тозуы, эрозия, тұздану, ластану және шөлейттену сияқты экологиялық мәселелер өзекті болып отыр. Осы мақалада жер ресурстарын тиімді пайдалану тәсілдері мен оның экологиялық маңыздылығы қарастырылады.

Жер ресурстарының маңызы және оны пайдалану мәселелері

Жер – табиғи ресурстардың ішіндегі ең маңыздысы, өйткені ол адамның өмір сүруі мен шаруашылық жүргізуіне қажетті басты орта. Қазақстанның жер қоры 272,5 млн гектарды құрайды, оның ішінде ауыл шаруашылығына жарамдысы 80%. Дегенмен, жердің құнарлылығы мен сапасы жыл өткен сайын төмендеуде. Оның негізгі себептері:

Жердің эрозияға ұшырауы – дұрыс емес агротехнологияларды қолдану, ормансыздану және жел мен су әсерінен топырақтың жоғарғы қабатының шайылуы; Шөлейттену – су тапшылығы, мал жаюдың шектен тыс көбеюі және климаттың өзгеруі салдарынан топырақтың деградацияға ұшырауы;

Ластану – өнеркәсіптік қалдықтар, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді шектен тыс пайдалану, сондай-ақ қалалардың кеңеюі жер сапасын төмендетуде; Тұздану – суару жүйесінің дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан топырақ құрамындағы тұз мөлшерінің артуы;

Құнарсыздану – топырақ құрамындағы минералдар мен органикалық заттардың азаюы, нәтижесінде өнімділіктің төмендеуі.

Жер ресурстарын тиімді пайдалану әдістері

Жерді дұрыс пайдалану үшін кешенді шаралар қолдану қажет. Мұндай тәсілдерге заманауи агротехнологияларды енгізу, заңнамалық реттеу, экологиялық жобаларды жүзеге асыру және халықтың экологиялық мәдениетін арттыру жатады.

1. Агротехнологияларды жетілдіру

Органикалық егіншілік – химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді азайту арқылы экологиялық таза өнімдер алу.

Қорғаушы егіншілік әдістері – топырақты минималды өңдеу, ауыспалы егісті қолдану және топырақ жамылғысын сақтау арқылы құнарлылықты арттыру.

Тамшылатып суару – су ресурстарын тиімді пайдалану, булануды азайту және тұздандудың алдын алу үшін қажет.

Жасанды тыңайтқыштар мен биологиялық әдістерді үйлестіру – органикалық және минералды тыңайтқыштарды дұрыс пайдалану топырақтың ұзақ мерзімді өнімділігін сақтауға көмектеседі.

2. Жайылымдық жерлерді қорғау және тиімді басқару

Мал басын реттеу және жайылымдарды кезектестіре пайдалану.

Деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіру, шөп егу және суару жүйелерін жетілдіру.

Табиғи өсімдіктер жамылғысын сақтау және қалпына келтіру шараларын қолдану.

3. Ластанудың алдын алу және бақылау

Өнеркәсіптік кәсіпорындардан шығатын зиянды қалдықтарды азайту және қайта өңдеу.

Қалдықтарды тиімді басқару және топыраққа химиялық заттардың түсуін шектеу.

Экологиялық талаптарға сай қоқыс полигондарын орналастыру және ауыл шаруашылығында экологиялық таза тыңайтқыштарды қолдану.

4. Заңнамалық реттеу және мемлекеттік бақылау

Жерді ұтымды пайдалану жөніндегі заңдардың орындалуын қадағалау.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қорғау үшін арнайы мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу.

Жер пайдаланушыларды экологиялық талаптарды сақтауға міндеттеу және оларды ынталандыру шараларын қарастыру. [1, 43-52 б.]

Жер ресурстарын ұтымды пайдаланудың экологиялық маңызы

Жерді дұрыс пайдалану тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, экологиялық жағынан да үлкен маңызға ие. Егер жерді ұтымсыз пайдаланатын болсақ, оның салдары қоршаған ортаға ауыр тиеді. Экологиялық тұрақтылықты сақтау үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет:

Биоалуантүрлілікті сақтау – жердің құнарлы болуы өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіне әсер етеді. Егер жер тозса, биоалуантүрлілік те азаяды.

Климаттың өзгеруінің алдын алу – топырақтың құнарсыздануы көміртек айналымына әсер етеді, ал орманды жерлердің азаюы атмосферадағы көмірқышқыл газының мөлшерін арттырады.

Таза суды қамтамасыз ету – топырақтың ластануы жер асты суларына әсер етеді, бұл ауыз су сапасының нашарлауына әкеледі.

Азық-түлік қауіпсіздігі – жердің құнарлы болуы халықтың тамақпен қамтылуына тікелей байланысты. Егер топырақ сапасы төмендесе, ауыл шаруашылығы өнімділігі де төмендейді. [4, 36-40 б.]

Қазақстандағы оң тәжірибелер және сәтті жобалар

Қазақстанда жер ресурстарын қорғауға бағытталған бірнеше сәтті жобалар жүзеге асырылуда.

"Жасыл белдеу" жобасы – Нұр-Сұлтан қаласы маңында ормандар отырғызу арқылы экожүйені қалпына келтіру және климатты жұмсарту жобасы.

"Су ресурстарын басқарудың ұлттық бағдарламасы" – ауыл шаруашылығында суарудың тиімді әдістерін енгізу арқылы суды үнемдеу және шөлейттенуге қарсы күресу.

"Агротехнологияларды жаңарту" бастамасы – фермерлерге экологиялық таза және өнімділікті арттыратын жаңа әдістерді үйрету бағдарламалары.

"Арал теңізін қалпына келтіру жобасы" – Кіші Арал теңізін сақтау мақсатында су реттеу шараларын енгізу.

Қорытынды

Жер ресурстарын тиімді пайдалану – мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы мен экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторы. Жер – қалпына келмейтін ресурс болғандықтан, оны қорғау мен ұтымды пайдалану қазіргі және болашақ ұрпақ үшін аса маңызды. Қазақстанның кең байтақ аумағы мен табиғи ресурстары экономиканың негізгі тіректерінің бірі болып табылады, алайда оларды дұрыс басқармау жердің деградациясына, экожүйелердің бұзылуына және ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Жерді ұтымды пайдалану мәселесі ғаламдық деңгейде қарастырылатын маңызды тақырыптардың бірі. Жердің тозуы мен шөлейттену, ластану, эрозия және басқа да экологиялық проблемалар бүкіл әлемдегі ауыл шаруашылығы мен халықтың әл-ауқатына кері әсерін тигізуде. Қазақстан да бұл мәселелерден тыс қалмайды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің едәуір бөлігі құнарсызданып, өндірістік әлеуетін жоғалтып жатыр. Мұның басты себептері – тиімсіз ауыл шаруашылығы әдістері, су ресурстарының дұрыс пайдаланылмауы, климаттың өзгеруі және антропогендік факторлар [6].

Қазақстанда жер ресурстарын қорғау бағытында бірқатар оң бастамалар жүзеге асырылуда. Мысалы, "Жасыл белдеу" жобасы, Арал теңізін қалпына келтіруге бағытталған бағдарламалар, су ресурстарын басқарудың жаңа әдістері – бұлардың барлығы экологиялық жағдайды жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ, елімізде органикалық егіншілікті дамыту, ауыл шаруашылығының цифрлық технологияларын енгізу және жерді тұрақты басқару бойынша халықаралық тәжірибелерді қолдану мәселелері қарастырылуда. [5, 1 б.]

Қорытынды: Жер ресурстарын тиімді пайдалану – Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған маңызды міндет. Егер біз бүгіннен бастап жерді ұтымды басқарудың жаңа әдістерін енгізбесек, болашақта үлкен экологиялық және экономикалық қиындықтарға тап боламыз. Сондықтан әрбір азамат, кәсіпкер және мемлекеттік мекеме бұл мәселеге жауапкершілікпен қарап, экологиялық тұрақтылықты сақтау жолында бірлесе жұмыс істеуі қажет.

Жер – біздің басты байлығымыз. Оны қорғау – болашақ ұрпаққа жасалатын ең үлкен инвестиция.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі – Алматы: Юрист, 2023.
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі – Астана: Norma Publishing, 2023.
3. Алиев, Ж. "Жер ресурстарын тиімді пайдалану және экология" – Алматы: Ғылым баспасы, 2021.
4. Нұртазин, Т. "Агроэкология және жерді қорғау" – Нұр-Сұлтан: Экономика баспасы, 2020.
5. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі – Жер ресурстарын басқару комитетінің статистикалық есептері, 2023.
6. Тасболатова, Г. "Топырақ эрозиясы және оның алдын алу шаралары" – Қарағанды университетінің ғылыми еңбектері, 2019.

ӘОЖ 504.064.47/628.3/.4

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ САРҚЫНДЫ СУ ДЕҢГЕЙІНІҢ КӨТЕРІЛУ СЕБЕПТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Студент: Актау қ. Ш.Есенов ат. КТЖИУ, БЖЗОС -23-1
тобының студенті ЕРБОЛОВ БЕКТАУ

Ғылыми жетекші: Актау қ. Ш.Есенов ат. КТЖИУ
PhD доктор, БАЙМУКАШЕВА ШЫНАР ХАБИБУЛЛИЕВНА,
shynar.baimukasheva@yu.edu.kz

Аңдатпа: Бұл мақалада Жаңаөзен қаласының қалалық округінің аумағын су басу проблемалары қарастырылды. Су деңгейінің көтерілуінің экологиялық және экономикалық салдарына талдау жүргізді, нәтижесінде су деңгейінің көтерілуінің себептері антропогендік және табиғи факторлар болып табылады деген қорытындыға келді. Қалалық аумақты су деңгейінің көтерілуінен қорғау қажеттілігін атап көрсетуге болады, осыған байланысты осы жағымсыз құбылыстың алдын алу бойынша ұсыныстар берілді.

Аннотация: В этой статье рассмотрены проблемы подтопления территории городского округа город Жанаозен. Провели анализа экологических и экономических последствий повышения уровня воды, в результате чего пришел к выводу, что причинами повышения уровня воды являются антропогенные и природные факторы. Можно отметить необходимость защиты городской территории от повышения уровня воды, в связи с чем даны рекомендации по предупреждению данного негативного явления.

Түйінді сөздер: гидрогеология, сарқынды сулар, микроағзалар, дренаж, гипс.

Қазіргі замандағы табиғатты қорғаудың ең өзекті мәселелерінің бірі ластанған сарқынды суларды тазарту және кәдеге жарату. Әлемнің көптеген елдерінде бұл тақырып өте өзекті мәселеге айналып отыр. Су тапшылығы мен су ресурстарын тиімді пайдалану біздің ел үшін де аса маңызды. Өйткені Қазақстан географиялық орналасу ерекшелігіне орай, су қоры аз елдер қатарына жатады. Ғалымдардың болжамы бойынша еліміздегі шөлейттену үрдісі жылдан жылға қарқындап барады. Мысалы, 1990 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде еліміздің барлық облыстарында суармалы егіншілікте пайдаланылатын жер көлемдері 2,5 млн гектардан 1,7 млн гектарға дейін қысқарған, олардың қазіргі уақытта шамамен 1,2 млн гектары ғана пайдаланылады. Бүгінгі таңда коммуналдық-тұрмыстық сарқынды суларды тазартудың механикалық, физико-химиялық, биологиялық және тағы да басқа көптеген жолдары білгілі.

Маңғыстау өңірі еліміздегі ерекше су тапшы аймақ болып саналады. Әсіресе жергілікті тұрғындардың мұқтажына қажетті ауыз су қоры өте шектеулі.

Жаңаөзен қаласы жыл сайын су басу проблемасына тап болып отыр, бұл өз кезегінде барлық экологиялық тәуекелдерге әкеледі. Олардың алдын алу немесе азайту үшін қала аумағын қорғаудың әртүрлі шараларын қолдану қажет.

Жаңаөзен қаласы Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысында, Ақтау қаласынан шығысқа қарай 150 км және Каспий теңізінен солтүстікке қарай 60-65 км жерде орналасқан. Облыстық бағыныстағы Жаңаөзен қаласы 1968 жылы құрылған. Ақтаудан Жаңаөзенге дейінгі қашықтық 150 шақырымды құрайды.



Сурет 1 – Жаңаөзен қаласы сарқынды су жинау қауызының ғарыштан көрінісі
(43°34'12" с. к.; 52°06'19" б.ұ.)

Жаңаөзен қаласының қалалық су тазарту кешенінен сарқынды сулары талдауға алынды және сарқынды су тазарту жүйелері зерттелді.

Өңірдегі ауыз судың негізгі тұтынушылары Ақтау және Жаңаөзен қалалары іргелес елді мекендері болып табылады, олардың су тұтынудың жалпы көлеміндегі үлесі тиісінше 75,2% және 18,6% құрайды.

Қаланың жалпы кәріз желісі арқылы тұрғындар мен өндіріс орындарынан шығатын тұрмыстық сарқынды сулар сорғы станциясының қабылдау резервуарына түседі, одан қысым коллекторлары арқылы қаланың сарқынды су тазарту кешеніне айдалады.

Жалпы Жаңаөзен қаласында ауыз сумен қамтамасыз етуге «Өзенмұнайгаз» АҚ нысандарын; Теңге ауылы, Қызылсай ауылы, Жаңаөзен қаласының халқы, өнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдары, «Өзенинвест» МКК келісімдер бойынша екі көзден су алады:

- Астрахань-Маңғышлақ су құбыры арқылы Еділ суы;
- Жер асты Түйесу-Сауысқан сулары.

Теңге және Қызылсай ауылдарының шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулары канализациялық көліктер арқылы қалалық су тазарту кешеніне тасымалданады.

«Өзенинвест» МКК кәсіпорындары Жаңаөзен қаласы мен оған іргелес екі елді мекен тұрғындарының саны 80 мың, сондай-ақ Жаңаөзен қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарына қызмет көрсетеді.

«Өзенинвест» МКК Жаңаөзен қаласының сарқынды су тазарту қондырғысының жүйелері. Тұрмыстық сарқынды сулар және кәсіпорындардан шығатын сарқынды сулар кәріздік сорғы станциясының қабылдау резервуарына түседі.

Қазіргі уақытта Жаңаөзен қаласының муниципалды сарқынды суларын тазарту процесі Қазақстанның көптеген тазарту кешені үшін үлгілік схемасы бар тазарту кешенінде жүргізіледі, онда тұрмыстық сарқынды сулар және құрамы бойынша өндірістік сарқынды сулар канализациялық сорғы станциясының қабылдау резервуарына түседі. Ұсталған қалдықтар экран арқылы қоқыс контейнеріне шығарылады. Сарқынды суларды әрі қарай

тазарту үшін беру сорғы станциясында орналасқан үш сорғымен жүзеге асырылады, олардың біреуі резервке қойылған. Сорғылар сарқынды суларды механикалық тазарту ғимаратына береді. [1].

Су тазарту тұндырғышынан су сынамаларына талдау жұмыстарында химиялық талдаулардың нәтижелері бойынша зертханалық жағдайда хлоридтер, сульфаттар, нитраттар, нитриттер, фенолдар, фосфаттар және мұнай өнімдері түріндегі талдау көрсеткіштері анықталды 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Тұндырғыштағы тұрмыстық тазартылған сарқынды суларды химиялық талдау көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы		Анықталған қанықтық	Нормативтік көрсеткіштер	Тексеру әдісіне қолданған НҚ
рН		7,50	-	МЕМСТ 26449.1-85
Жалпы темір, мг/дм ³		5,76	-	МЕМСТ 4011-72
Тотығу перманганаты, мг/дм ³		0,78	-	МЕМСТ 26449.1-85
Құрғақ қалдық, мг/дм ³		2783,3	-	МЕМСТ 18164-72
Жалпы қаттылық, ммоль/ дм ³		3,5	-	МЕМСТ 31954-2012
Кальций, мг/дм ³		179,8	-	МЕМСТ 26449.1-85
Хлорид иондары, мг/дм ³		596,4	-	МЕМСТ 4245-72
Сульфаттар, мг/дм ³		290,4	-	МЕМСТ 31940-2013
Азот	Аммиак, мг/дм ³	6,08	-	МЕМСТ 33045-2014
	Нитриттер, мг/дм ³	0,22	-	МЕМСТ 33045-2014
	Нитраттар, мг/дм ³	1,21	-	МЕМСТ 33045-2014
Мұнай өнімдері		0,01	-	МУК 4.1.1262-2003
СББЗ, мг/дм ³		0,03	-	ҚР МЕМСТ 51211-203
Фенолдар, мг/дм ³		-		ТҚНҚ Ф 14.1:2:4.182-
Фосфаттар, мг/дм ³		3,05		МЕМСТ 26449.1-85

Егер рН алсақ, онда МЕМСТ 26449.1-85 бойынша рН = 7,50 кезінде тұндырғыштағы сарқынды су аздап сілтілі болатыны белгілі. Бұл ретте судың коррозиялық агрессивтілік дәрежесі, сондай-ақ ластаушы заттар мен зиянды заттардың уыттылығы рН мәніне байланысты өзгеруі мүмкін екенін атап көрсетуге болады. Тұндырғыштағы темірдің концентрациясы 5,76 мг/куб.дм құрады, бұл ең жоғары рұқсат етілген концентрациядан сәл асып түседі. Құрғақ қалдық 2783,3 мг/куб дм құрайды. Темірдің жоғары концентрациясы нәтижесінде перманганаттың тотығуы жоғары. Сарқынды суларда шөгетін мұнай өнімдерінің болуы тіркелді (0,01). Рұқсат етілген ең жоғары концентрациядан (0,03 мг/куб.дм) аспайтын шектерде синтетикалық беттік белсенді заттар (СББЗ). Фосфаттардың концентрациясы шекті рұқсат етілген концентрациядан сәл асады.

Фенолдар анықталмады. Хлоридтердің концентрациясы жоғары, рұқсат етілген концентрациядан асып түскені анықталды [2].

Жаңаөзен қаласы сұр-қоңыр сор топырақты Орталық Маңғышлақ жотасының солтүстік бөлігінде орналасқан (2-сурет). Бұл аймақтың ойпаң бөліктерінде төменгі горизонтындағы тұзды қабаттары жақын орналасқан сор мен тақырлар бар.

Жаңаөзен қаласындағы жер асты суларының күрт көтеріліп, ластаушы заттардың төңірекке миграциялануы, жалпы экологиялық жағдайдың нашарлауына себеп болып отыр. Осы мәселеге қатысты атқарылған ізденіс нәтижелері бойынша статистикалық деректер сараптамадан өткізілді. Түрлі-түсті космологиялық түсірілімдердің нәтижесінде техногенді нысандардың саны, жер бедерінің, техногендік гидрографиялық жүйенің, ластанған топырақтың, металл қалдықтарының үйіндісінің, ластанған аймақтың ауқымдары нақты белгіленген [3].



Сурет 2 - Жаңаөзен қаласының өндірістік және тұрмыстық аймақтарының космологиялық картасы

Жаңаөзен қаласының маңындағы кен аймағының геоморфологиялық жағдайына келсек, аймақ Оңтүстік Маңғыстау қыратының оңтүстікке қарай иінді бір бөлігі, Жетібай қыратына жанаса орналасқан. Қыраттың үсті басым түрде гипс материалынан құралған. Бұл территорияда жан-жақты шектелген ойпаңдар мен терең сайлар кездеседі.

Гидрогеологиялық нәтижелері бойынша жер асты суларының ағу бағыты оңтүстік- батысқа бағытталған. Жер асты суларының қысымы басым түрде Каспий теңізінің жағалауында сыртқа шығу арқылы төмендейді [4].

Қауыздағы судың арнадан тыс келіп түсетін ластаушы көзі арқылы ластанады деген болжамды келтірілген картадағы жер асты суларының минералдану деңгейі туралы деректерді нақтылайды.

Жер асты суларының шектен тыс көтеріліп, жер бетінде тұзды қыртыс түзуі мен көлшікті сулардың пайда болуы 3-суретте көрсетілген.

Минералдану үрдісінің себебі жер асты сулары деңгейінің көтерілуі мен төмендеуіне байланысты. Мұнайлы лас су қауызының жағалауы мен едені арнайы балшықпен қамтылмаған, қауыз бетін мұнай қабаты жауып, ондағы судың булануына кедергі болуда, қауыздағы судың деңгейі артқан сайын оның жер асты суларына көрсетер қысымы арта түсіп миграция үрдісін үдетуде.

Жоғарыда аталған себептерден тыс, тағыда төменде келтірілген себептер ескерілуі тиіс.

Бірінші, газ өндіру үрдісіндегі нысандарды жобалау мен пайдаланудағы жіберілген қателіктер. Бұл қателіктер газ өндіру және газ өңдеу саласындағы нысандарды жобалаудағы талаптармен салыстыру арқылы анықтадық.

Осы талаптарға сай болу үшін барлық кәріз, ластанған суларды сақтау, лас суларды кептіргіш, мұнай қалдықтарын сақтау қауыздарын жобалау мен құру кезінде олардың едендерін фильтрацияланудан сақтау қабатымен қамтамасыз ету шартты.



Сурет 3 – Миграциялану аумағындағы жер асты суларының көтерілуінен пайда болған тұзды қыртыстардың көрінісі

Екінші, территорияның жер асты газ орналасқан жыныстарын сумен толтыру кезіндегі қателіктер. Газ өңдеу кенінде пайда болған бос орындарды толтыру үшін қажетті суды Каспий теңізінен тасымалдайды. Сондықтан бұл миграцияның және минералданудың себебі газдан босаған жер қыртысын сумен толтыру кезінде кеткен қателіктерде болып отыр. Сондықтан, мәселені шешудің бірақ жолы бар, ол бос жер қыртысын сумен толтырудан бас тарту және газ өндіру саласының мамандары ол мәселені шешудің альтернативтік жолын табу керек. Тек осындай шешу жолы Жаңаөзен қаласын жер асты суларымен малынуынан сақтай алады.

Үшінші, Жаңаөзен қаласының коммуналдық-тұрмыстық сарқынды суды тазарту кешенін жобалаудағы және құрылысындағы кеткен қателіктер. Осындай жағдайда туындап отырған экологиялық мәселе қазіргі таңда үлкен экономикалық және экологиялық шығынға ұшыратуда. Сондықтан, фильтрацияға қарсы тосқауыл құрылғысын орнату сөзсіз қажет ісшара.

Жоғарыда аталған себептерден тыс, тағыда төменде келтірілген себептер ескерілуі тиіс. Жаңаөзен қаласындағы жер асты суларының

тасуына және жоғары дәрежеде минералдануына байланысты экологиялық мәселені шешудің келесі жолдары ұсынылады:

- мұнаймен ластанған су қауызындағы суды тазартып, оның едені мен жағалауын арнайы геомембранамен қаптау қажет;

- газ өндеу өндірісінде пайда болған жер асты бос кеңістікті сумен толтырар алдында гиспті топырақ қыртысының су өткізу қабілетін бағалап, миграциялану мөлшерін болжау қажет,

- сарқынды су сақтау қауызынан судың миграциялануын шектеу үшін миграция бағытына көлденең терең дренаж түзіп, ұңғымалар орнатып, қауыз суын барынша мол мөлшерде ауылшаруашылық мұқтажына жұмсау қажет;

Қорыта келе, сарқынды суларды екінші реттік пайдалануға жарату – барлық ауылшаруашылық салалары үшін өзекті мәселе болып табылады және сарқынды суды тазартудың және өндеудің жаңа әдісін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Тиісті тазартудан кейін кешеннің сарқынды суларын қайта пайдалану су ресурстары жеткіліксіз аймақтардағы дағдарыстық жағдайларды сәтті шешуге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кенжетаев Г.Ж., Сырлыбеккызы С., Баймукашева Ш.Х., Исследование состояния сточных вод отстойника сточных вод КОС города Жанаозен / Международной научно-практической конференции «Геологические и технологические аспекты разработки месторождений трудноизвлекаемых углеводородов», 18 апреля, 2019.
2. Муртазин Е.Ж. Отчет о научно-исследовательской работе «Обследование и выявление причин подтопления объектов ТОО «КазГПЗ, мкр Бостандык и района строящегося мечети г. Жанаозена»- Алматы. - 2015.
3. Тюменев С.Д. Водные ресурсы и водообеспеченность территории Казахстана // Алматы – 2009.
4. Баймукашева Ш.Х. Сырлыбеккызы С. Ағынды сулардың қоршаған ортаға жай-күйін бағалау және негізгі параметрлерін зерттеу. Монография. Ақтау: Ш. Есенов атындағы КТИУ редакциялық-баспа бөлімі, 2022.

УДК 550.8.05

ПРОГРАММЫ И ОБЪЕМЫ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ РАБОТ ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ДАННЫХ ОБ ОБЪЕКТАХ ИССЛЕДОВАНИЯ.

АЯҒАНОВА А.І., ДАРХАНҰЛЫ АРЛЕН

1. НАО «Атырауский университет нефти и газа имени Сафи Утебаева
060027, ул. Баймуханова, 45А, г. Атырау, Казахстан

Аннотация: для достоверного обоснования подсчетных параметров, для оценки запасов по промышленным категориям и получения данных для составления технологической схемы разработки, необходимо обосновать и реализовать соответствующую программу работ по доизучению месторождения. Комплекс исследовательских работ по пробной эксплуатации включает в себя промыслово-геофизические исследования скважин, физико-химические исследования нефти и газа, гидродинамические исследования, контроль выработки запасов путем учета продукции добывающих скважин, определение остаточной нефтенасыщенности пласта в зонах дренирования, контроль эксплуатационных характеристик и энергетического состояния залежей, определение пластового давления по вскрытому разрезу, определение забойных давлений.

Аңдатпа: Көмірсутектер қорын есептеу параметрлерін дәлелді негіздеу, өнеркәсіптік категориялар бойынша қорларды бағалау және кен орнын игерудің технологиялық схемасын құру мақсатта қажетті деректер алу үшін кен орнын қайта зерттеуге арналған тиісті жұмыс бағдарламасын негіздеу және жүзеге асыру қажет. Сынақтық игеру бойынша зерттеу жұмыстары кешені бұрғылау ұңғымаларын геофизикалық зерттеу, мұнай мен газдың физика-химиялық зерттеулері, гидродинамикалық зерттеулер, өндіруші ұңғымалардың өнімін есепке алу арқылы қорлардың кемуін бақылау, дренаж аймақтарындағы қалдық мұнай қанықтылығын анықтау, пайдалану сипаттамалары мен кен орындарының энергетикалық жағдайын бақылау, ашылған қабат бойынша пласттық қысымды анықтау және тесне қысымдарын анықтауды қамтиды.

Ключевые слова: месторождение, объемы и методы, доразведка, углеводороды, эффективность, нефтяная залежь, газонефтяная залежь, газовая шапка, промышленная разведка.

Введение. Разведка и разработка нефтегазовых месторождений требуют проведения детальных исследовательских работ, направленных на получение достоверных данных о геологическом строении, запасах углеводородов и характеристиках пластов. На разных этапах освоения месторождения возникает необходимость уточнения параметров залежи, что обуславливает важность дополнительных исследований.

Программы исследовательских работ разрабатываются с учетом особенностей объекта, целей эксплуатации и степени изученности месторождения. Они включают комплекс мероприятий, направленных на совершенствование методов подсчета запасов, повышение точности геолого-гидродинамических моделей и оптимизацию технологических решений.

Проведение таких исследований позволяет минимизировать геологические и технологические риски, повысить эффективность разработки и рационально распределять ресурсы.[1] В данной работе рассматриваются основные направления исследовательских программ, их объемы и методы, применяемые для доизучения месторождений и повышения достоверности получаемых данных.

Основные положения.

1 Комплекс промыслово-геофизических исследований

Геофизические исследования (ГИС) в открытом стволе скважин предусматривают изучение горных пород по их физическим свойствам. Основные задачи, решаемые ГИС следующие:

- выделение в разрезе скважины коллекторов и определение их параметров (коэффициентов пористости, насыщения пластов флюидами);
- определение плотности;
- определение литологического расчленения разреза;
- определение качества цементирования затрубного пространства;
- определение диаметра ствола скважины;
- определение углов наклона и азимута скважины;
- определение геотермического градиента.

Для решения перечисленных задач Проектом предусматривается провести в проектных опережающих эксплуатационных скважинах следующий комплекс промыслово-геофизических исследований:

Таблица 1.1 - Рекомендуемый комплекс промыслово-геофизических исследований в открытом стволе

№№ п/п	Объем работ (вид исследования)	Масштаб 1:500 обязат. комплекс	Масштаб 1:200 детальн. комплекс
1.	Кавернометрия-профилеметрия	1:500	1:200
2.	КС, ПС, АК, Боковой каротаж (БК)	1:500	1:200
3.	Индукцион.каротаж (ИК), ВИКИЗ	1:500	1:200
4.	Микробоковой каротаж (МБК)		1:200
5.	Микрокаротажное зондирование (МКЗ);		1:200
6.	Микрокавернометрия (МКВ)		1:200
7.	Гамма-гамма плотностной каротаж (ГГК-П)		1:200
8.	Гамма-каротаж (ГК)	1:500	1:200
9.	Нейтронный гамма-каротаж (НГК)	1:500	1:200
10.	Термометрия	1:500	
11.	Инклинометрия	точки	

Исследования в масштабе 1:500 следует проводить в интервале от фактических забоев до 0, в масштабе 1:200 – от кондуктора до фактического забоя с полным охватом продуктивного горизонта. [2]

Опробование скважины проводится по общепринятой методике. Тип перфорационной системы будет определен по результатам опробования скважин. Интервал перфорации намечается геологической службой по материалам каротажа.

Лабораторные анализы кернового материала должны производиться по каждому литологическому типу пород, прослойкам из каждого интервала выноса керна, в результате чего будет получена ценная фактическая информация о месторождении и продуктивном горизонте.

В период пробной эксплуатации необходимо выполнить изучение фильтрационно-емкостных свойств коллекторов и создание петрофизической основы для интерпретации материалов геофизических исследований скважин. [3] Для получения более точных данных и детальной проработки технологии высокочастотного электромагнитного воздействия необходимо провести дополнительные исследования по определению электрофизических свойств нефти и насыщенного кернового материала, а также режимов и особенностей эксплуатации скважин опытного участка. Также получить зависимости относительных проницаемостей воды и нефти от водонасыщенности для проработки технологии закачки горячей воды.

2 Комплекс физико-химических исследований нефти, газа и воды

Цель исследований нефти и нефтяного газа состоит в получении данных об их свойствах и составе, которые в пределах эксплуатационных объектов месторождений, как правило, непостоянны. [4]

Нефтяные системы в залежах находятся в термодинамическом неравновесном состоянии, причем колебания их свойств в пределах залежей могут быть весьма значительны по величине и разнообразны по характеру.

Физико-химические исследования позволяют определить:

- физические параметры нефти в условиях пласта, включающие в себя давление насыщения, газосодержание, объемный коэффициент, вязкость, плотность, коэффициент сжимаемости нефти, усадку нефти;
- состав нефтяного газа, пластовой и дегазированной нефти, пластовой воды, содержание не углеводородных (азота, углекислого газа, сероводорода) и углеводородных (метана, этана, пропана, бутанов, пентанов, гексанов и высших) компонентов;
- изменение параметров пластовой нефти в зависимости от давления и температуры;
- исследование распределения углеводородов между газовой и жидкой фазами при ступенчатой сепарации пластовой нефти;
- физико-химическая характеристика дегазированной нефти, в которую входят следующие параметры – плотность, вязкость, молекулярная масса, температура застывания и насыщения нефти парафином, фракционный

состав, содержание парафина, асфальто-смолистых веществ, серы, воды и хлористых солей.

Все эти параметры должны быть определены при помощи специальной аппаратуры для отбора и исследования в соответствии с действующими в отрасли стандартами.

Подход к выбору скважин для исследований, методы и средства для отбора и исследований глубинных проб пластовой нефти регламентируются в ОСТ 39-112-80 «Нефть. Типовые исследования пластовой нефти».

Главным условием отбора качественных глубинных проб является наличие однофазного притока пластовых флюидов на забой скважины, что возможно при превышении забойного давления над давлением насыщения. [5] Отбор качественных проб пластовой нефти в условиях предельной или близкой к предельной насыщенности нефти газом имеет ряд особенностей и трудностей.

Если режим растворенного газа имеет место только в призабойной зоне и не выходит за пределы депрессионной воронки, для отбора представительной пробы необходимо изменить режим работы скважины таким образом, чтобы забойное давление превышало давление насыщения, предварительно извлечь из призабойной зоны частично дегазированную нефть. Для этого необходимо, согласно рекомендациям, ОСТ 39-112-80 «Нефть. [1] Типовые исследования пластовой нефти» после остановки скважины на восстановление пластового давления и его замера перед отбором глубинных проб отработать скважину на минимальном режиме не менее трех дней для предотвращения двухфазового потока на забое скважины.

Для отбора качественных глубинных проб необходимо правильно подготовить скважину, главным условием которого является работа скважины только на *минимальном* режиме. [6]

Подготовка скважины для отбора глубинных проб выполняется в следующем порядке:

- оборудование устья скважины лубрикаторной площадкой;
- предварительная отработка скважины в течение трех суток на минимальном режиме;
- остановка скважины на восстановление пластового давления;
- замер пластового давления и пластовой температуры;
- пуск скважины на минимальном режиме;
- отбор трех проб пластовой нефти.

Порядок выполнения экспериментов на установке высокого давления в зависимости от комплексов исследований (обязательный, расширенный или полный) и методика расчетов определены ОСТ 39-112-80. По результатам дифференциального разгазирования пластовой нефти строятся графические зависимости газосодержания, плотности пластовой нефти и объемного коэффициента от давления.

Число исследованных скважин по расширенному комплексу должно быть не менее 10% отобранных проб, а по полному – не менее 5%.

О технологии отбора глубинных проб высоковязких тяжелых нефтей

Качественный отбор глубинных проб высоковязких тяжелых нефтей особенно важен при промышленной разведке месторождений, подсчете запасов нефти, составлении схем и проектов разработки месторождений. [7]

Глубинные пробы со скважин, продуцирующих тяжелые высоковязкие нефти, необходимо отбирать после замены столба тяжелой высоковязкой нефти в НКТ, исследования скважины на продуктивность при работе через затрубное пространство и снятия кривых восстановления давления, для чего необходимо:

1. Поднять уровень контакта «нефть-переходная зона (нефть+дизельное топливо или легкая нефть)» в НКТ на 100-200 м, для чего выпустить из них соответствующий объем топлива (легкой нефти); на 63-мм НКТ – 30-60 л. При этом в зону отбора глубинных проб (башмак НКТ) поступит из пласта новая порция высоковязкой, насыщенной газом нефти;
2. Замерить поинтервально давления по стволу скважины. По резкому изменению скорости спуска скважинных манометров и по эюре распределения давления по стволу скважины определить положение контакта нефть-переходная зона (нефть+дизельное топливо или легкая нефть);
3. Отобрать глубинные пробы высоковязкой нефти у башмака НКТ или с глубины ниже вышеназванного контакта на 100-150 м.

При отборе проб тяжелых высоковязких нефтей скважинными пробоотборниками проточного типа (ЦД-3М) после достижения интервала отбора необходимо произвести трех-пятикратное расхаживание пробоотборника вверх-вниз в интервале 10-20 м.

Глубинные пробы нефти вязкостью свыше 0,1 Па·с отбирают пробоотборником с часовым механизмом.

При отборе проб высоковязких нефтей скважинными пробоотборниками поршневого типа прибор не расхаживают.

Отбор и химический анализ проб попутной воды

Исследования попутных вод продуктивных пластов предназначены для уточнения и прогноза условий разработки нефтегазового месторождения при происходящих во время эксплуатации изменениях водной системы.

Данные исследования по попутным водам включают отбор проб и определение физико-химического состава, состава водорастворённой органики, микрокомпонентного состава подземных вод.

Исследования попутных вод проводятся по следующим показателям:

1. физико-химический состав: плотность, температура, водородный показатель (рН), 6-ти компонентный ионный состав (Cl^- ; SO_4^{2-} ; HCO_3^-

- Ca^{2+} , Mg^{2+} , $\text{Na}^{+}+\text{K}^{+}$), растворенный сероводород, растворенный углекислый газ;
2. состав водорастворимой органики (общая органика, летучая органика, битумы, нафтеновые кислоты, летучие фенолы, бензол);
 3. состав водорастворенного нефтяного газа (нейтральные и кислые газы – азот, гелий, углекислый газ, сероводород; углеводородные компоненты – метан, этан, пропан, бутаны, пентаны, гексаны);
 4. микрокомпонентный состав.

Исследования свойств и качества нагнетаемой в пласт воды проводятся для достоверного описания свойств и реального качества воды, предназначенной для утилизации попутно добываемых сточных вод. Требования к качеству закачиваемой воды должны соответствовать требованиям, предъявляемым к водоносным поглощающим горизонтам и соответствовать требованиям по охране окружающей среды. [8,11]

С этой целью осуществляется отбор проб и химический анализ воды, в том числе 6-ти компонентный, железа, растворенных CO_2 , H_2S , кислорода, а также концентрацию и размер механических примесей.

Если по месторождению предусмотрено бурение новых проектных добывающих и разведочных скважин, то в случае получения промышленного притока пластовой нефти из планируемых к бурению проектных скважин предусмотрен обязательный отбор глубинных проб. План отбора глубинных проб по вновь пробуренным скважинам приводится в таблице 2.1.

Таблица 2.1 - План отбора глубинных проб по вновь пробуренным скважинам

Время	Номера скважин
I ^{ый} год пробной эксплуатации	По вновь пробуренным скважинам (при получении положительных результатов опробования)
II ^{ой} год пробной эксплуатации	По вновь пробуренным скважинам (при получении положительных результатов опробования)
III ^{ьей} год пробной эксплуатации	По вновь пробуренным скважинам (при получении положительных результатов опробования)

Заключение. Исходя из цели пробной эксплуатации следует предусматривать надежный контроль за изменением технологических параметров работы скважин и промысловых характеристик пластовой системы в течение всего времени реализации проекта [9;10]. В связи с этим приводится минимально необходимый объем исследовательских работ:

1. Изучение режима работы продуктивной толщи по данным длительной эксплуатации скважин.

Важнейшим критерием рациональности разработки залежи является расход естественной пластовой энергии на единицу добычи нефти, который контролируется следующими характеристиками:

- снижение пластового давления на единицу добычи нефти;
- динамика газового фактора;
- изменение профиля притока нефти.

В соответствии с этим необходимо организовать контроль за изменением забойного давления, пластового давления, температуры и газового фактора при длительной работе скважин на постоянном штуцере;

2. Изучение дебитной характеристики скважин. Определить характер устойчивости дебитов скважин при различных режимах работы. Контроль за выносом мех. Примесей для оценки устойчивости коллекторов. В скважинах перед пуском их в работу проводятся режимные исследования с целью определения продуктивной характеристики и соответствия ее расчетным данным. Если продуктивность скважин сохранилась, пускают скважины в длительную эксплуатацию на постоянном режиме.

ЛИТЕРАТУРА:

- 1 ОСТ 39-112-80. Нефть. Типовые исследования пластовой нефти.
- 2 Шевченко, В.Н., Козлов, С.В. «Геофизические исследования в нефтегазовых месторождениях». Москва: Недра, 2008.
- 3 Власов, И.В., Николаев, А.С. «Методы и средства геофизических исследований в бурении и эксплуатации скважин». Санкт-Петербург: Гео, 2011.
- 4 Юрьев, В.А. «Основы нефтегазовой геофизики». Изд. 2-е, перераб. и доп. Москва: Недра, 2009.
- 5 Голубев, С.П., Кузнецов, С.В. «Методы физико-химических исследований нефти и газа». М.: ГЕОТАР-Медиа, 2010.
- 6 Карпов, П.Р. «Гидродинамические исследования скважин». М.: Издательство «Недра», 2012.
- 7 Воронцова, Н.Н. «Технология разработки нефтяных месторождений». М.: Академия, 2015.
